




## 31-ЛУҚМАН СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Отыз төрт аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Ұғымын Алла біледі. (1) Міне бұл, хикметті Кітаптың аяттары. (2) Тура жол; мәрхамет, жақсылық істеушілер үшін. (3) Сондай олар намазды толық орындап, зекет береді. Сондай-ақ олар ахиретке толық нанады. (4) Міне солар, Раббылары тарапынан тура жолда, сондай-ақ олар қутылушылар. (5) Адамдардың

түк білмесе де Алланың жолынан адастыру және тәлкекке алу үшін ертегіге айырбастап алғандар бар. Міне солар, үшін қорлаушы азап бар. (6) Оған аяттарымыз оқылған сәтте, оны естімегендей тіпті құлақтарында тығын бардай паңсып теріс айналады. Оны күйзелтуші азаппен қуандыр. (7) Күдіксіз иман келтіріп, түзу іс істегендер, олар үшін нығметі түгемейтін бақшалар бар. (8) Онда олар мәңгі қалады. Алланың уәдесі хақ. Ол, өте үстем, хикмет иесі. (9) Сендер, тіреусіз көрген көкті жаратты да сендерді теңселтеді деп, жер бетіне асқар тауларды қойды. Сондай-ақ бүкіл жандықты өргізді де көктен жаңбыр жаудырып, онда әр түрлі көркем парымен өсімдіктерді өсірдік. (10) Бұл Алланың жаратқаны. Ал Алладан өзгенің не жаратқанын Маған көрсетіңдерші! Әрине залымдар ашық адасуда. (11)

Рас Лүқманға шүкірлік етуі үшін даналық бәрдік. Кім шүкір етсе, өзі үшін шүкір етеді. Ал кім нәсукірлік етсе, сонда да Алла мұңсыз, мақтауға лайық. (Лүқман аса дана, табиғ болған кісі. Жалпы көз қарас бойынша, Лүқман пайғамбар емес, дәрігер. Б.Ж.М.Р.) (12) Сол уақытта Лүқман өз ұлына үгіт бөре отырып: "Әй ұлым! Аллаға серік қоспа! Күдіксіз ортақ қосу зор зұлымдық" деді. (13) Адамдарға; ата-анасына қарайласуды бұйырдық. Ананың оған мешеулік үстіне мешеулікпен жүкті болып, екі жылда омыраудан айыруы бар. Маған және әке-шешені шүкір ет. Қайтар орның Мен жақ. (14) Егер екеуі білмеген нәрсенді Маған ортақ қосуға зорласа, оларға бағынба! Олармен дүниеде дұрыс жолдас бол да Маған құштар адамдардың жолына түс. Сосын барар орындарың Мен жақ; сонда істеген істеріңді баян етемін. (15) (Лүқман): "Әй ұлым! Тарының салмағындай болса да бір жар тастың ішінде болса да көктерде не жерде болса да Алла



оны (қиямет күні) келтіреді. Расында Алла өте мұлайым, толық білуші." (16) "Әй ұлым! Намазды толық орында. Дұрыстыққа бұйырып, бұрыстықтан тый. Басыңа келген ауыршылыққа сабыр ет. Рас бұлар маңызды істерден." (17) "Адамдарға паңсып, қырындама да жерде кердеңдеп, жүрме. Расында Алла, бүкіл дандайсыған мақтаншақты жақсы көрмейді." (18) "Жүрісінде орташа бол да даусынды бөсеңдет. Сөз жоқ, дауыстардың ең жаманы есектің дауысы." (19)



игілік істесе, сонда ол; расында берік тұтқаны ұстаған болады. Бүкіл істердің соңы Аллаға тән. (22) (Мұхаммед F.C.) кім қарсы келсе, сонда оның қарсылығы сені кейітпесін. Олардың қайтар жері Біз. Сонда оларға не істегендерін баян етеміз. Расында Алла, көкіректегілерді толық біледі. (23) Оларды аз пайдаландырып, сосын ауыр азапқа зорлаймыз. (24) (Мұхаммед F.C.) Егер олардан: "Көктер мен жерді жаратқан кім?," - деп, сурасаң, әлбетте: "Алла" дейді. "Барлық мақтау Аллаға тән" де. Әрине олардың көбі түсінбейді. (25) Көктер мен жерде болған нәрселер Алланикі. Рас Алла бай, мақтауға лайық. (26) Рас егер жер жүзіндегі ағаш атаулы; қалам, тәңіз (сия болып), одан кейін оған тағы жеті теңіз көмектесіп, (жазса да) Алланың сөздері таусылмайды. Күдіксіз Алла, өте үстем, хикмет иесі. (27) Сендердің жаратылуларың да тірілтілулерің де бір-ақ кісідей ғана. Расында Алла, аса естуші, тым көруші. (28)

Көрдiңдер ме? Рас Алла (Т.) сендерге көктердегі, жердегі нәрселердi бой ұсындырды. Және сендерге көрнеу, көмес нығметтерiн толықтасырды. Сонда да ешбiр бiлiмi, тура жолы не нұрландырушы кiтабы болмаған кейбiр адамдар, Алла жайында таласады. (20) Қашан оларға: "Алланың түсiрген нәрсесiне iлесiңдер" делiнсе, олар: "Жоқ, аталарымызды тапқан нәрсеге iлесемiз" дейдi. Егер шайтан оларды жалындаған азапқа шақырса да ма? (21) Кiм өзiн Аллаға тапсырып,

Көрмедің бе? Расында Алла, түнді күндізге қосып, күндізді түнге қосады. Сондай-ақ күн мен айды бағындырды. Барлығы белгілі бір мерзімге дейін жүреді. Рас Алла, олардың істегендерін толық білуші. (29) Міне шәксіз Алла Ол, хақ. Сөз жоқ, олардың Алладан өзге жалбарынғандары босқа. Күдіксіз Алла, Ол өте жоғары, аса ұлы. (30) Көрмедің бе? Рас кеме теңізде Алланың ілтипатымен сендерге Оның деректерін көрсету үшін жүреді. Рас осыларда тым сабырлы, өте шүкір етушілердің барлығына белгілер бар. (31) Қашан оларды таулардай толқын орап алса, дінге деген нағыз ықыласпен Алладан тілейді. Ал қашан Алла, оларды құтқарып, қырға шығарса, олардың кейбіреуі орташа болады. Негізінде аяттарымызға біртұтас опасыз қасарысқандар ғана қарсы келеді. (32) Әй адам баласы! Раббыларыңнан қорқыңдар және ешбір әке; баласы тарапынан бодау төлемейтін сондай-ақ ешбір бала



да; әкесі тарапынан түк бермейтін күннен де қорқыңдар. Күдіксіз Алланың уәдесі хақ. Сондықтан сендерді дүние тіршілігі әсте алдамасын. Сондай-ақ өте алдаушы ол, (шайтан да) Алла турасында алдамасын (33) Әрине қиямет мерзімінің мәліметі Алланың қасында. Жаңбырды Ол жаудырады, Ол жатырлардағыны біледі. Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлерін де білмейді. Күдіксіз Алла (Т.) толық білуші, хабар алушы. (34)